

**ТУРИЗМ: ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ**  
**ТУРИЗМ: МИРОВОЙ ОПЫТ**  
**TOURISM: WORLD EXPERIENCE**

---

---

FTAXP 06.71.57

ӘОЖ 338.48

JEL L26; Z32

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2024-1-4-160-171>

**ШОҚАН Р.,\*<sup>1</sup>**

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

\*e-mail: roza-shokan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-1005-3769

**ТЛЕСОВА Э.Б.,<sup>1</sup>**

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: t.ilvira@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-7057-0461

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан

**ТУРИСТІК САЛАДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ**  
**ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ**

**Аңдатпа**

Мақсаты: Туризм саласындағы кәсіпкерлік қызметтің ұйымдастырылуының теориялық және тәжірибелік даму деңгейін анықтау. Қазақстан Республикасындағы туризм саласындағы кәсіпкерлік қызметтің ағымдағы даму жағдайына талдау жасау. Мақаланы жазудағы басты мақсат 2017–2021 жылдар аралығындағы туризм саласының көрсеткіштеріне яғни туристік ағындарға, жалпы ішкі өнімдегі туризм индикаторының үлесіне, орналастыру, ойын-сауық және демалыс саласындағы шағын және орта бизнес субъектілерінің қызмет белсенділігіне талдау жүргізу болып табылады. Әдісі: Библиографиялық әдістің көмегімен зерттеліп отырған мәселе шеңберінде жазылған шетелдік және отандық авторлардың еңбектеріне шолу жасалынды. Салыстырмалы талдау, экономикалық-статистикалық талдау әдістерінің көмегімен ішкі, келу және шығу туризм ағындарының; жалпы ішкі өнімдегі туризмнің үлесінің; демалыс, ойын-сауық және орналастыру салаларының ағымдағы көрсеткіштеріне талдау жүргізілді. Жалпылау әдісі арқылы туризм саласындағы кәсіпкерлік қызметтің қазіргі даму жағдайы сипатталды. Графикалық әдістің көмегімен талдау нәтижелері өңделді. Қорытынды: Дамыған елдердің туризм саласындағы тәжірибесі көрсетіп отырғандай, туризм саласындағы кәсіпкерлік қызмет елдегі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде маңызды рөлге ие. Атап айтқанда жаңа жұмыс орындарын ұйымдастыруға, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге, қызмет көрсету секторларын дамытуға, жалпы ішкі өнімдегі қызметтің үлесінің артуы мен бюджеттің кіріс бөлігін толықтыруға ықпал етеді. Тұжырымдама: Туризм саласындағы кәсіпкерлік қызметтің ағымдағы жағдайына жасалған талдаудың нәтижелері саланың оң динамикалық дамуын көрсетіп отыр. Туристік ағындардың ішінде ішкі туризмнің даму белсенділігі байқалады. Туристік салада ұйымдастырылған кәсіпкерлік субъектілерінің ішінде шағын және дара кәсіпкерлік бизнес субъектілерінің үлес салмағы артқан. Бұл қызмет көрсету саласында шағын кәсіпкерліктің ұйымдастырылуының басымдыққа ие екендігін көрсетуде.

**Тірек сөздер:** экономика, сала, туризм, кәсіпкерлік, туристік инфрақұрылым, нарық, қызмет.

## Кіріспе

Экономиканың табысты саласы ретінде туризм саласының ұйымдастырылуы мен дамуы бірқатар оң өзгерістерге әкелетіндігі белгілі. Атап айтқанда, қызмет көрсету салалары яғни тамақтандыру, тасымалдау, анимациялық қызмет, сауда, орналастыру қызметтерін ұсынатын кәсіпорындардың дамуымен қатар, байланыс, қаржы, ақпарат, кеңес беру сынды қызмет көрсетуші мекемелердің де қызметтері дамитындығы анық. Туризм саласын қоғамдағы әлеуметтік және экономикалық өзгерістердің орын алуына әсер ететін күш ретінде қарауға болады. Туризм саласының әкелетін экономикалық өзгерістеріне валюталық түсімнің артуын, жаңа қызметтер мен тауарлардың өндірілуін, туристік индустрия кәсіпорындарының ұйымдастырылуын жатқызсақ. Туризмнің қоғамға тигізетін әлеуметтік әсеріне тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, рухани және физикалық күш-қуатын кеңейту, қосымша жұмыс орындарының құрылуы, жұмысбастылықтың артуы мен жұмыссыздықтың төмендеуін жатқызуға болады.

Әлемдік және өңірлік экономиканың қозғаушы күші ретіндегі туризм саласының дамуы соңғы он жылдықта өзінің белсенділігін арттырып отырғаны анық. Туризм саласы капитал айналымының жоғары жылдамдығымен, жұмсалған инвестицияның рентабельділігі және өтелімділігімен бағаланады.

Туризм саласындағы кәсіпкерлік әлеуметтік мәселелерді шешуге әсер ете отырып, мемлекеттің дамуына және ел бюджетінің толығуына екпін береді, бұл өз кезегінде макроэкономикалық көрсеткіштердің өсуіне әсерін тигізеді.

2024 жылғы мәліметтер бойынша халықаралық туризмнің даму қарқыны пандемияға дейінгі даму деңгейіне жақындап отыр [1]. UNWTO мәліметтеріне жүгінетін болсақ, халықаралық туристік қызметтер серпіні 2023 жылы пандемияға дейінгі көрсеткіштің 88 пайызына жақындаған. Өткен жылы 1,3 миллиард адам шетелге саяхат жасады. Туристік қызметке сұраныс көрсеткішінің жоғарылауы, әуеммен тасымалау қатынастарының артуы және Азия құрлығындағы елдер нарықтары мен осы бағыттарыдағы белсенділіктің артуы Жалпы туристік сала бойынша жасалған болжамдарға сәйкес ағымдағы жылдың соңында жаһандық туристік саланың толық қалпына келу жағдайлары күтіліп отыр. Таяу Шығыс, Еуропа және Африка құрлықтарындағы туристік нарық оң көрсеткіштерге қол жеткізді. Бұл ретте Таяу Шығыс елдеріне халықаралық келушілер саны 2019 жылғы деңгейден 22 пайызға өскен. Еуропа- туристер ең көп баратын аумақ ретінде есептеліп отыр, туристер саны 2019 жылғы деңгеймен салыстырғанда 94 пайызға жеткен, саланың мұндай өзгеріс қарқынына аймақшілік және АҚШ аумағынан туындап отырған сұраныс ықпал етуде. Африка құрылындағы туристік дестинациялардың қызметін пайдаланушылар саны пандемияға дейінгі деңгейдің 96 пайызына жеткен.

Зерттеп отырған сала бойынша жинақталған бағалаулау қызметінің нәтижелері бойынша дүниежүзілік туристік қызметтен алынған табыс мөлшері 2023 жылға мәліметке сүйенсек 1,4 триллион долларды құраған. Туризмнен түскен экспорттық кіріс 2023 жылы 1,6 триллион долларға бағаланған. Сонымен қатар, туризмнің жалпы экономикалық үлесі өткен жылы 3,3 триллион долларды немесе әлемдік ЖІӨ-нің үш пайызын құраған.

## Материалдар мен әдістер

Қазақстан Республикасындағы туристік саланың ағымдағы даму жағдайына бағалау мен талдау жүргізу үшін сандық және сапалық талдау әдістері қолданыс тапты. Саланың қазіргі жағдайын талдау барысында бірқатар іс-шаралардың қадамы қолданылды. Атап айтсақ,

- ♦ талдау, синтез, нақтылау сынды әдістердің көмегімен зерттеліп отырған мәселе шеңберінде жазылған шетелдік және отандық авторлардың еңбектеріне шолу жасалып, зерттеу сұрақтары тұжырымдалды. Осы мәселені қарастырған авторлардың еңбектеріне негізделіп, туризм саласындағы кәсіпкерлік қызметтің негізгі аспектілері жүйелендірілді.

- ♦ салыстырмалы және экономикалық-статистикалық талдау әдістерінің көмегімен ішкі, келу және шығу туризм ағындарының; жалпы ішкі өнімдегі туризмнің үлесінің; демалыс, ойын-сауық, және орналастыру салаларының ағымдағы көрсеткіштеріне талдау жүргізілді сонымен қатар саланың даму қарқынының өзгерістері көрсетілді.

♦ жалпылау әдісі арқылы туризм саласындағы кәсіпкерлік қызметтің қазіргі даму жағдайы сипатталды.

♦ графикалық әдістің көмегімен талдау нәтижелері өңделді.

Зерттеу материалдары ретінде кәсіпкерлік және туризм саласындағы кәсіпкерлікке қатысты сұрақтарға назар аударған ғалымдардың іргелі еңбектері, ғылыми мақалалар, Дүниежүзілік туристік ұйымның (UNWTO), ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының көрсеткіштері, Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының мәліметтері және өңірлік Туризм басқармаларының ақпараттары ресми ақпарат көздері болып табылады.

### Нәтижелер мен талқылау

Осы мақалада туризм индустриясының атап айтқанда орналастыру, демалыс және ойын-сауық салаларында ұйымдастырылған кәсіпкерлік қызмет көрсеткіштері негізгі зерттеу объектісі ретінде таңдалды. Туризм түрлері бойынша туристік ағын өзгерістері мен туризмнің ЖІӨ-дегі үлесінің өзгеріс қарқыны талданды. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына негізделі отырып, туризм саласының тартымдылығын қамтамасыз ету мақсатында атқарылатын шаралардың қатарына назар аударылды. Сонымен қатар, туризм саласындағы кәсіпкерліктің өңірлік деңгейлерде даму бағыттары қарастырылған.

Кәсіпкерлік және кәсіпкер түсінігінің мәнін анықтауға бағытталған шетелдік, отандық ғалымдардың еңбектерін қарастыратын болсақ. Кәсіпкерлік – қоғам дамуының формацияларында өзгеріске ұшырай отырып қалыптасқан түсінік. Белгісіздік пен «тәуекелге бару» әрекетін кәсіпкермен байланыстырады (Р. Кантильон, ХҮІІ ғ.); капиталдың меншік иесі ретіндегі кәсіпкердің белсенділігі өндіріс факторларын өз көзқарасы бойынша үйлестіруге басымдық береді (А. Смит, ХҮІІІ ғ.); кәсіпкерлік- жаңа технологияларды әзірлеу, инновациялық тәсілді қолданумен байланысты қызмет (И. Шумпетер, 1934); барынша пайдаға қол жеткізу үшін кез келген мүмкіндікті пайдалану (П. Друкер, 1964) [3] жағдайларын кәсіпкерлік қызметпен байланыстырады. Жалпы ғылыми әдебиеттерде кәсіпкерлік ұғымының мәнін айқындайтын ортақ анықтама келтірілмейді. Бұл негізінен кәсіпкерлік категориясын түрлі ғылым сала өкілдерінің (экономистердің, философтардың, заңгерлердің, әлеуметтанушылардың және т.б.) жинақталған білім мен зерттеу мақсаттарына негізделіп әртүрлі аспектілер бойынша қарастыруында [4]. Нарықтық экономиканың белсенді даму жағдайында кәсіпкерліктің рөлі артып, жетекші шаруашылық субъектілер кәсіпкерлік ұйымдарға (фирмаларға, компанияларға және басқа да күрделі кәсіпкерлік бірлестіктерге) айналуға [5].

Кәсіпкерлік – көрегендік, өзгеріс және шығармашылықтың қарқынды процесі. Ол инновациялық идеялар мен сындарлы шешімдер қабылдау және іске асыру үшін жеткілікті күштің және ұмтылыстың болуын талап етеді. Негізгі құрамдас бөліктері: уақыт, капитал және өрлеу барысындағы қатерлерді есептеу; тиімді кәсіпорын тобын қалыптастыру мүмкіндігі; қажет ресурстарды игеруге керек шығармашылық қабілет; берік бизнес-жоспар құру шеберлігі; қайшылықтар мен түсінбеушілікті көріп тұрған жерден мүмкіндіктерді тани алатын көрегендік [6].

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде жекелеген адамдардың, заңды тұлғалардың мүлікті қолдану, өнімді өндіру, сату, жұмысты іске асыру, қызметті көрсетуге бағдарлана отырып таза кіріс алуға негізделген әрі жеке меншік құқығына, шаруашылық жүргізу құқығына немесе мемлекеттік меншікке тиесілі кәсіпорынды жедел басқару құқығын бағытталған жеке, бастамашыл қызметін кәсіпкерлік қызмет деп тануға болатындығы қарастырылған [7].

Туризм индустриясы жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың шағын бөлігін қамтитын бірнеше секторларды қамтиды. Туризм көптеген аумақтар үшін кіріс көзі болып табылады, осылайша экономиканы әртараптандыруға және өз салаларында қызметін жүзеге асыратын белгілі бір компаниялардың бірігуіне ықпал етеді [8].

Жалпы, туризмдегі кәсіпкерлік макро экономикалық және микро экономикалық деңгейдегі кәсіпорындарды қарастыратын, күрделі қызметті білдіреді [9]. Н.Б. Завьялова және басқалардың пікірінше кәсіпкерлік қызметке негізделген туризм индустриясындағы оң үрдісті сақтау үшін

осы салада болып жатқан өзгерістерді талдау маңызды. Оның негізінде кәсіпкерлік қызметтің жаңа бағыттары қалыптасады, өңірлердің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін маңызды үрдістер мен құрылымдық өзгерістер айқындалады [10].

Ал, туризм саласындағы кәсіпкерлік қызметтің теориялық негіздеріне назар аударған автор А.Ю. Баранова аталмыш саладағы кәсіпкерлік қызметті іске асырғанда төмендегі жағдайларды ескеру керектігін атап өткен [4].

Біріншіден, соңғы тұтынушылардың қажеттіліктерін алғашқы орынға қою. Қонақжайлылық саласындағы кәсіпорын туристік қызметті тұтынатын негізгі контингенттің тұрғылықты жері мен туристік саланың негізгі факторы болып есептелетін рекреациялық ресурстардың орналасуына назар аударуға тұра келеді.

Екіншіден, қонақжайлылық саласындағы кәсіпорын қызметінің алғашқы құндылықтар қатарына жатқызылмауы. Туристік өнім (қызмет) алғашқы қажеттілік тауары болып есептелмейді, басқа да ақылы қызметтерге қарағанда тұрғындардың тұтынушылық қабілеттерінің өзгергісі туристік қызметке сұраныстың өзгеруіне әкеледі.

Үшіншіден, туризм индустриясына маркетингтік құралдарының әсер ету басымдығы. Бұл жағдай, сатушының қолма-қол тауар сияқты қызметті ұсыну, таныстыру мүмкіндігінің болмауымен байланысты. Сондықтан бұл сала жүйелі ұйымдастырылған маркетингтік қызметке тікелей тәуелді. Сонымен бірге, қызмет сапасының тұрақсыздығы саланы тұрақты бақылаудың қажеттілігін яғни менеджменттің бақылау функциясының айырықша мәнге ие болуына негіз болып отыр.

Төртіншіден, туристік индустрия кәсіпорны қызмет шегінде байланыс орнататын қатысушыларынан бірдей тәртіп жағдайларын күте алмайды, себебі қонақ үй иелері, жергілікті тұрғындар мен келуші-туристер арасында қарама-қайшылық бар.

Бесіншіден, туристік индустрия өнімін сату кезінде тұлғалық аспектіге басымдық беру артып келеді. Бұл негізгі және айналым қорына ғана емес персоналды басқару саласына да тұрақты инвестиция салу керектігіне әкелуде.

Алтыншыдан, қызметтің сезілмеуі, сақталмауы және маусымдық өзгергіштігі тәріздес сипаттары, саладағы кәсіпорын қызметіне сұраныстың өзгеруіне негіз болады. Сондықтан, туристік кәсіпорынның қызметін өзгермелі сұранысқа бейімдеуге бағдарлану керек.

Сонымен, кәсіпкерлік түсінігін тұжырымдауға бағытталған бірқатар ғалымдардың еңбектері аталмыш түсінікті белгісіздік пен тәуекелге бару; өндіріс факторларын тиімді үйлестіру; шығармашылық процесс; кіріс алуға бағытталған қызмет; экономиканы әртараптандырудың құралы және т.б. қырларынан сипаттаған.

Кәсіпкерлік және туризмдегі кәсіпкерлік түсініктерінің өзіндік ерекшеліктері бар және ұйымдастыру, басқару мен дамыту қағидаттарында айырмашылықтар болады [11]. Туризмдегі кәсіпкерлік күрделілігімен, бірегейлігімен және ерекшелігімен басқа салалардағы кәсіпкерлік қызметтен ерекшеленеді. Туризмдегі кәсіпкерлік қызмет сыртқы ортаның әсеріне және туристік салаға тікелей әсер ететін сыртқы факторлардың ықпалына «сезімтал» болып келеді. Табиғи ресурстар, туристік өнімдер мен қызметтерді өндірудің шектеулігі, маусымдық өзгеріске тәуелділік, туристік өнімді өндіру және тұтыну процестерінің алшақтығы, туристік нарықтың күрделілігі, қызмет көрсету сапасында қалыптасатын мәселелер, бәсекелестіктің күшеюі және т.б. жағдайлар туризмдегі іскерлік белсенділіктің табыстылығына тәуелді факторлардың толық тізімі емес деп сипаттауға болады.

Туризм – қызметтің барлық сипаттамалары тән, қызмет саласындағы әрекет. Туристік қызметтер сезілмейді, халықаралық сауда және төлем балансы тұрғысынан қарасақ, шығу және кіру туризмі- көрінбейтін экспорт және импортқа сәйкес келеді [12]. Туристік қызметті сатып алу арқылы тұтынушы оны белгілі бір уақытта, белгілі бір жерде пайдалану құқығын алады. Қызметті тұтыну алдында тұтынушы белгісіздікті азайтуға мүмкіндік беретін ақпараттарға қол жеткізе алады. Олар инфрақұрылым, жарнама материалдары, қызметкерлердік кәсібилігі, қалыптасқан имидж және т.б. Туристік кәсіпорындар үшін компанияның оң беделі және сауда маркасының танымалдылығы туристік қызметті қалыптастырудың бір жолы болып табылады. Туристік қызметтердің өндірушіден ажырамайтындығы екінші маңызды сипаттама болып есептеледі. Қызметті өндіру және тұтыну туристің емес өндірушінің орналасқан жерінде орындалады. Қызмет көрсету сапасы мен өнімділік қызметкерлердің қарым-қатынасымен



анықталады. Туристік қызметті өндірушінің тәртібі, кәсіби тәжірибесі мен білім, тұтынушының қызметті қайта тұтыну ықтималдығын анықтайды. Туристік өнімнің келесі ерекшелігі оның сақталмайтындығында. Сатылмаған қонақ үй нөмірінң саяхат билеттерін, ойын-сауық сеанстарын және т.б. сақтау мүмкін емес. Сонымен, туризм саласындағы кәсіпкерлік белсенділік сұраныс пен ұсыныс арасындағы қатынасты қарқынды бақылауды, табыстылықты басқаруды (себебі маусымдағы сұраныстың артуы шығындарды өсіреді) талап етеді. Саладағы сұраныс пен ұсынысты сараланған баға саясаты, жеңілдіктер, жана туристік өнімдерді әзірлеу және басқада сала қызметін ынталандырушы іс-шаралар арқылы қолдауға болады.

Дүниежүзілік экономикалық қауымдастықтың мүшесі болып табылатын, Қазақстан Республикасындағы туристік нарықтың қазіргі жай-күйі мен даму тенденцияларына талдау жасасақ. Саланың дамуын сипаттайтын негізгі статистикалық көрсеткіштер отандық туризм саласының дамуында оң өзгеріс барын көрсетуде. Мемлекеттің туристік және рекреациялық әлеуетін сипаттайтын ресурстардың жеткіліктілігі туристік қызметті тұтынатын отандық және шетелдік туристердің легін тартуға ықпал етеді (1-кесте).

Кесте 1 – ҚР-ғы туризм түрлері бойынша туристік ағын өзгерісі (2017–2022 жж.)

Жылдар	Шығу туризмі бойынша келушілер, адам	Өсім қарқыны, %	Кіру туризмі бойынша келушілер саны, адам	Өсім қарқыны, %	Ішкі туризм бойынша (резиденттер) келушілер*	Өсім қарқыны, %
2017	10260813		7701196		4387495	
2018	10646241	3,8	8789314	14	4695942	7
2019	10707270	0,5	8514989	-3	5286782	13
2020	2865004	-73	2034753	-76	3328614	-37
2021	3501387	22,2	1330169	-35	5145217	55
2022	7670000	119	4728800	256	6407318	24,5

Ескертпе: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде құрастырылып, есептелген [13].  
\*Ішкі туризм бойынша (резиденттер) орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер

2017–2019 жылдар аралығында шығу туризмі бойынша келушілердің саны өскен. 2020 ж. COVID-2019 пандемиясы салдарынан халықаралық туристік нарық орталықтарының қызметінің тоқтауына байланысты құлдырап, 2022 ж. қайтадан өсімді көрсетіп отыр. Географиялық ағымы бойынша қарайтын болсақ, ТМД елдеріне саяхаттаушылардың үлесі, ТМД-дан тыс елдерге саяхаттаушылардың санына қарағанда басым.

2022 жылғы дерек көздері, шығу туризм нарығы туристік нарықтың 41%-ын, ал ішкі туризм нарығы 34%-ға жуығын құрағанын көрсетіп отыр. Шығу туризмі үшін тұтынушылардың турларды сатып алуы үшін екінші деңгейлі банктердің бөліп төлеу қызметін қолдану мүмкіндігі бар. Банктің бұл қызметі де шығу туризмінің дамуына ықпал етіп отыр.

Қазақстан аумағындағы туристік дестинациялардың қызметін тұтынушылардың саны 2018 ж. 2017 жылға қарағанда 14% өсім қарқынын көрсеткен. Ал, 2019–2022 жылдар аралығында шетелдіктердің республика аумағына келу көрсеткіштері төмендеген. Келу туризм ағымы бойынша да ТМД елдер азаматтарының біздің елге саяхаттауы басымдыққа ие болған.

Ішкі туризм бойынша (резиденттер) орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілердің көрсеткіші талдауға алынған жылдар ішінде 2021 ж. 2020 жылдағы көрсеткішке қарағанда 55 пайызға өсіп, 5145217 адамды құрады. Яғни резиденттердің ішкі туристік дестинациялардың қызметін тұтыну жағдайларында оң өзгерістер бар. Бұл, отандық туризм саласында ішкі туристік-рекреациялық әлеуеттің мүмкіндігіне назар аударудың басымдыққа айналып отырғанын көрсетеді.

Мемлекетте туристік саланың тартымдылығын қамтамасыз ету мақсатында бірқатар шаралар іске асырылды:

- ♦ шетел азаматтарының сатып алу қызметтеріне қосылған құн салығын қайтаруға негізделген «tax free» жүйесі қолданысқа енді;


♦ Қазақстан Республикасының кедендік-визалық рәсімдеулерінде өзгерістер жасалып, виза талап етпейтін елдердің тізімі 79 елге дейін өсті, көші-қон карточкасы және шетел азаматтарын тіркеу 30 күнге дейін тоқтатылды;

♦ елдің туристік-рекреациялық ресурстарының әлеуетін бірізділендіру әрі туристік қызметті тұтынушылар үшін басымдық берілетін аумақтардың туристификациялаудың картасын бекітті, әрі картаға енген объектілердің республикалық және өңірлік статустары айқындалды;

♦ Қазақстанның 12 әуежайында «ашық аспан» режимі енгізілді [14] (Астана, Алматы, Тараз, Шымкент, Ақтау, Семей, Қарағанды, Өскемен, Павлодар, Петропавл, Көкшетау және Түркістан қалаларындағы әуежайларда).

Бұл режим жаңа шетелдік тасымалдаушыларды тартуға, әуе тасымалдаушылардың бәсекелестігін дамытуға, халықаралық маршруттарды ашуға, әуе билеттердің құнын төмендетуге, туризмді дамытуға және Қазақстан қалаларының көліктік-тасымалдау қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді [15].

Ел экономикасындағы туризмнің үлесін тікелей туризмде құрылған жалпы қосылған құн және жалпы ішкі өнімдегі тікелей туризмде құрылған жалпы қосылған құнның үлесі көрсеткіштерімен бағалайтын болсақ, ЖІӨ-гі туризмнің үлесі әлі де болса төмен деңгейде қалып отыр (1-сурет).



Сурет 1 – ҚР-ғы ЖІӨ-гі туризм саласының үлесі, %

Ескертпе: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде құрастырылған.

Жалпы ішкі өнімдегі тікелей туризмде құрылған жалпы қосылған құнның үлесі 1,3–1 пайыз аралығы шегінде қалып отыр. Пандемияға дейінгі аралықта туризм ағымының өсу көрсеткіштеріне қол жеткізгенмен, саланың отандық экономика үшін үлес салмағының әлі де болса төмен деңгейде екендігі байқалады. 2023–2029 жылдарға арналған туристік саланы дамытудың тұжырымдамасына сүйенетін болсақ [14], туризм саласының нысаналы индикаторлары мен күтілетін нәтижелері келесідей болмақ: туризм саласында жұмыспен қамтуды 800 мың адамға дейін ұлғайту; тұру және тамақтану қызметтеріндегі инвестициялардың өсуі 260 млрд теңгеге дейін жеткізу; «сапарлар» жіктемесі бойынша қызметтер экспортын 5,5 млрд АҚШ долларына дейін арттыру; ішкі туристер санын 11 млн адамға дейін және келуші туристер санын 4 млн адамға дейін жеткізу.

Республикада туроператорлар мен турагенттер туралы толыққанды дербес статистикалық ақпарат жиналмайды. Экономикалық қызмет түрлері бойынша шағын және орта субъектілер туралы мәліметтердің жүйесінде өнер, ойын-сауық және демалыс саласы бойынша қызмет көрсететін субъектілер туралы ақпарат жинақталатынын ескерсек, анимациялық-демалыс индустриясында жұмыс істейтін ШОК қызметінде өзгерістер байқалады (2-кесте).

Кесте 2 – Демалыс және ойын-сауық саласындағы кәсіпкерліктің даму серпіні

Жылдар	Барлығы	Өсім қарқыны, %	Шағын кәсіпорындар	Өсім қарқыны, %	Орта кәсіпорындар	Өсім қарқыны, %	Дара кәсіпкерлер	Өсім қарқыны, %
2017	8501		1911		36		6554	
2018	9901	16	2233	17	43	19	7625	16
2019	11493	16	2574	15	35	-19	8884	17
2020	11591	0,8	2782	8	28	-20	8781	-1,2
2021	12630	9	3110	12	28		9492	8
2022	19600	55,2	5122	64,7	30	7,1	14448	52,2

Ескертпе: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде құрастырылып, есептелген. [16].

2021 ж. 2017 жылға қарағанда өнер, ойын-сауық және демалыс саласында жұмыс істеген ШОК санының өсу қарқыны 48,6 пайызды құрап, 12630 бірлікті құрады. Оның ішінде 24,6% шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары; 0,22% орта кәсіпкерлік кәсіпорындары және 75,2% дара кәсіпкерлер жұмыс істеген. Талдау нәтижелері туристік салада шағын және дара кәсіпкерлердің үлесі жоғары екенін көрсетіп отыр. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жүйесі қалыптасқан, ал нақты туризм саласындағы кәсіпкерлікті дамытуға мүмкіндік беретін арнайы тетіктер жүйелендірілсе, аталмыш саланың даму қарқынына ықпал ететіндігі сөзсіз.

Шағын кәсіпкерліктің белсенділігі орналастыру және қонақ үй қызметін ұсыну саласында жоғары болып отыр (3-кесте).

Кесте 3 – Орналастыру саласындағы кәсіпкерлік белсенділіктің қарқыны

Жылдар	Барлығы	Өсім қарқыны, %	Шағын кәсіпорындар	Өсім қарқыны, %	Орта кәсіпорындар	Өсім қарқыны, %	Ірі кәсіпорындар	Өсім қарқыны, %
2017	2987		2818		99		70	
2018	3322	11	3154	12	90	-9	78	11
2019	3592	8	3428	8	85	-5	79	1
2020	3514	-2	3351	-2	83	-2	80	1
2021	3686	4	3520	5	80	-3	86	7
2022*	9781	165,2	9664	174,5	92	15	25	-71

Ескертпе: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде құрастырылып, есептелген [13].  
\*тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсетуші кәсіпорындар саны

Орналастыру қызметін ұсынушы кәсіпорындар арасында шағын кәсіпкерлік нысанының артықшылығы орын алып отыр. Егер республика деңгейінде 2021 ж. 3686 бірлік әртүрлі меншік түрлері мен ұйымдастыру нысандары бойынша ерекшеленетін қонақ үй қызметін көрсетуге маманданған кәсіпорындар ресми тіркелген болса, оның 95,5%-ы немесе 3520 бірлігі шағын кәсіпорындарға тиесілі. 2021 ж. осы салада жұмыс істейтін орта кәсіпорындардың үлесі жалпы республикалық көрсеткіштің 2,2%-ын немесе 80 бірлікті, ал ірі кәсіпорындар 2,3%-ды немесе 86 бірлікті құрады. Осы талдау нәтижелері қонақ үй және орналастыру қызметін ұсынатын салада шағын кәсіпорын нысанында ұйымдастырылған кәсіпкерліктің даму серпіні жоғары екенін көрсетуде. Шағын бизнес туристік инфрақұрылымның негізгі объектілерін яғни шағын қонақ үйлерді, кемпингтерді, мотельдерді құруға жылдам бейімделеді; туристердің

сұраныстарына сәйкес игерілмеген нарықтық «саңылауларда» қызмет көрсетуге мамандана алады сонымен қатар қызмет ассортиментін кеңейту және жұмысбастылық мәселелерін шешуде өзінің басымдығын көрсетеді.

Орналастыру орындарын меншік нысандар бойынша қарастыратын болсақ, Республикадағы жеке меншік нысанында ұйымдастырылған қонақ үй объектілерінің 2021 жылғы үлесі 96,4% немесе 3552 бірлікке жеткен. Ал, мемлекеттік меншіктегі орналастыру объектілерінің үлесі 0,3% немесе 93 бірлік; шетелдік кәсіпкерлердің қатысуымен ұйымдастырылған бірлескен кәсіпорындардың үлесі 0,8% немесе 31 бірлік және басқа мемлекеттердің заңды тұлғалары не шетелдіктердің меншігіндегі объектілердің үлесі 1,1%-ы немесе 41 бірлікті құрады. Республиканың қонақ үй нарығында жеке меншікке тиесілі орналастыру объектілерінің үлес салмағы салыстырмалы түрде артықшылыққа ие болып отыр. 2021 жылғы статистикалық-сандық көрсеткіштерді талдайтын болсақ, өңірлік деңгейде Шығыс Қазақстан (587 бірлік), Алматы (567) және Ақмола (341) облыстарында қонақ үй қызметін көрсетуге маманданған кәсіпорындардың ұйымдастырылуы өскен. Бұдан шығатын қорытынды, туристік-рекреациялық әлеуеті жоғары және туристік ағындардың жеткілікті легін қабылдай алатын өңірлерде қонақ-жайлылық инфрақұрылымының дамуы байқалады.

Ірі мегаполис қалаларда да қонақ үй саласындағы кәсіпкерліктің даму үрдісі байқалады. 2021 ж. Алматы қаласында 350 бірлік орналастыру объектісі қызмет көрсеткен болса, оның ішінде жеке меншік нысанында 345; мемлекеттік меншіктегі 1 және шетелдік меншіктегі 4 кәсіпорын жұмыс істеген. Талдауға алынған мерзім ішінде орналастыру орындары 1220029 адамға қызмет көрсетсе, оның 584521-і жеке мақсатта; 635508-і іскерлік-кәсіби мақсаттағы келушілер болған.

Алматы қаласы – Орталық Азиядағы ірі іскерлік және қаржы орталығы екені белгілі. 2022 жылдың қаңтар-қыркүйек айлары арасында Алматы қаласында тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері 10329152 млн теңгенің өнімін өндірген, республика бойынша ШОҚ субъектілері өндірген тауарлар мен қызметтердің 26 пайызы Алматы қаласына тиесілі болып отыр. Қазіргі уақытта Алматы қаласында туризмді дамыту бойынша бірқатар жоспарлар іске асырылып жатыр. Таулы жерлерде туристік инфрақұрылымды жақсарту мақсатында 1000 км шамасында таулы жаяу бағыттар цифрландырылды, оның 650 км-ден астамы абаттандырылды, сонымен қатар 7 кемпинг аймағы құрылды. Таулы және экологиялық туризмді дамыту шеңберінде «Іле-Алатау» МҰТП-да ұзындығы 150 шақырымға жуың 12 тау бағытын абаттандыру жұмысын жүргізіп, 3 кемпинг аймағын құру жұмысын аяқтады. Өңірде орналастыру саласының инфрақұрылымын дамыту мақсатында 2022 ж. «RAAVAN Aparthotel 4\*» апартамент-қонақ үйі, 2021 жылдан бастап экологиялық туризм саласында «Medeu Park Hotel» қонақ үй кешенін салу іске асырыла басталды.

Сонымен қатар, 2023 ж. «Tenir Eco Hotel» эко-қонақ үйінің 2-кезеңін, сондай-ақ 2 визит-орталықты іске асыруды және 2 глэмпингты (Түюк-Су және Бутаковка) жобалауды бастау жоспарланған [17].

Республика астанасы- Астана қаласында 2021 ж. 212 бірлік орналастыру орны жұмыс істеген, оның ішінде жеке меншік нысанда құрылған қонақ үйдің үлесі 97,6%. Осы аралықта 751123 келуші қонақ үй қызметіне сұраныс білдірген. Астана қаласында туристік инфрақұрылымды дамыту мен жетілдіру мақсатында бірқатар инвестициялық жобалар жүзеге асырылып жатыр. БАӘ қаржыландырумен құрылысы 2027 ж. аяқталатын туристік кварталдың құрылысы іске асырылуда. Жобаның құны – 1000000 млн теңге [18]. Орналастыру орындары саласында қызмет көрсететін кәсіпкерлер 2021 ж. 2017 жылға қарағанда 0,6% артық немесе 109027262,7 мың теңгенің қызметін көрсеткен. Оның ішінде қонақ үйлердің және тұруға арналған ұқсас орындары 94735947,7 мың теңгенің; демалыс күндерінде және қысқа мерзімге тұрғын үйді жалдау 12596886,3 мың тг; кемпингтер, автофургондарға арналған тұрақтар және тұруға арналған автотіркемелермен қызмет көрсету 144653,2 мың тг және тұруға арналған өзге де орындар 1549775,5 мың теңгенің қызметін көрсеткен.

Қазіргі кезеңде әлем мемлекеттері табиғи ресурстардың сарқылуы, азық-түлік, энергетикалық қауіпсіздік, үдей түскен әлеуметтік тұрақсыздық сынды бірқатар сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Осы тығырықтардан шығудың бір жолы ретінде шағын және орта бизнесті дамыту-ұлттық экономиканы әртараптандырудың жетекші күші ретінде танылуда. Сондықтан кәсіпкерлікті дамытуда келесі бағыттардағы іс-шараларды жетілдіруді жалғастыру керек:



- ♦ кәсіпкерлердің бизнес бастамаларын қолдау;
- ♦ отандық кәсіпкерлікті қолдау тетіктерін жетілдіру және кәсіпкерлердің мүдделерін қорғау;
- ♦ экономиканың басым секторларында ұйымдастырылатын кәсіпкерлік қызметке қолдау көрсету;
- ♦ кәсіпкерлерді ақпараттық қолдау қызметтерін жетілдіру.

### Қорытынды

Жоғарыда жүргізілген талдау нәтижелері туризм саласындағы кәсіпкерлік қызметтің дамуында оң үрдіс бар екенін көрсетіп отыр. Республиканың туристік әлеуетінің мүмкіндігі әлі де болса толығымен қолданысқа енгенін ескерсек, онда туризм саласындағы кәсіпкерлік қызметтің дамуы алдағы уақыттарда артатындығы белгілі. 2029 жылға қарай отандық туризм саласындағы жұмыспен қамтуды 800 мың адамға дейін арттыру, саладағы жалпы қосылған құн көлемінің өсуін 6 трлн теңгеден өсіру жоспарланып отырғаны белгілі [12]. Туризм саласындағы кәсіпкерлік қызметтің белсенділігін арттыру үшін ұйымдастырушылық, экономикалық сипаттағы бірқатар іс-шаралар атқарылуы керек.

1. Туристік өніммен қамтамасыз ету, туристердің қызметке деген сұраныстарын қанағаттандыру үшін туризм саласындағы кәсіпкерлік қызметті ұйымдастырудың және басқарудың онтайлы әдістеріне жүгіну керек.

2. Туризм саласының барлық қатысушыларының келісілген және үйлестірілген өзара іс-қимыл жүйесі сапалы қызмет көрсетуге бағдарлануы қажет.

3. Салаға инвестиция тарту үшін ынталандырушы қаржылық-несиелік тетіктерді анықтау.

4. Туристік дестинацияларға қолжетімділікті арттыру үшін инженерлік-көліктік және туристік инфрақұрылымдармен қамтамасыз ету. Тұтынушыларды туристік орындарға жеткізу, қолжетімді тасымалдау желісін арттыру жобаларын жүзеге асыру мемлекеттік деңгейде шешімін табу керек.

5. Туристік инфрақұрылым нысандарының Интернет және ұялы байланыс желілерімен қамтамасыз ету, бұл өз кезегінде кәсіпкерлердің цифрлық онлайн-сервис қызметтеріне қолжетімділіктің тұрақтылығына мүмкіндік береді.

6. Туристік дестинация орналасқан аумақтардағы жергілікті тұрғындар арасында кәсіпкерлік қызмет мәдениетін дамытуға, отбасылық, шағын және орта бизнесті жүргізудің мүмкіндіктеріне қолдау көрсету.

7. Республикалық және жергілікті маңызы бар туристік дестинацияларды дамыту шаралары шеңберінде қонақжайлылық және туризм саласындағы кәсіпкерлікпен айналысатын шағын-орта бизнес субъектілердің іскерлік белсенділіктерін арттыру керек. Шағын және орта бизнес туристік өнімді қалыптастырудың негізі бола отырып, өзгермелі нарықтық конъюктураның талаптарына шұғыл жауап беретін туристік қызметтер мен өнімдерді ұсынуға бағдарлануы керек.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1 Международный туризм в 2024 году достигнет до пандемийного уровня. URL: <https://news.un.org/ru/story/2024/01/1448742> (дата обращения: 02.02.2024)

2 Economic Impact Research. URL: <https://wtcc.org/research/economic-impact> (accessed: 02.02.2024)

3 Макареня Т.А. Современное предпринимательство: учеб.пособие. – Ростов-на Дону: Изд. Южного федерального университета, 2011. – 190 с.

4 Баранова А.Ю. Организация предпринимательской деятельности в сфере туризма: учебное пособие. – М.: ИНФРА-М, 2021. – 180 с.

5 Лапуста М.Г. Предпринимательство. Учебник. – М.: ИНФРА-М, 2022. – 384 с.

6 Куратко Д.Ф. Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 480 бет.

7 Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ.

8 Ciprian-Constantin P., Oleg P. Entrepreneurship in the industry of tourism // The Annals of the University of Oradea. Economic Sciences, TOM XXX, 1st Issue. – 2021. – P. 130–135.

9 Rusu S., Milin A.I., Isac F.L. Entrepreneurship in Tourism – Reasons, Necessary Resources and Impediments // ECOFORUM. 2017. Volume 6. No. 3(13). P. 3–11.

10 Завьялова Н.Б., Кадина В.С. Предпринимательство в индустрии туризма // Экономика, предпринимательство и право. – 2020. – Том 10(3). – С. 819–830.

11 Гасанов А.Н. Аббасова С.Г. Специфические особенности предпринимательства в туризме // Sciences of Europe. 2019. No. 38. P. 8–10.

12 Тлеубердинова А.Т., Салауатова Д.М. Особенности предпринимательской деятельности в туризме // Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан. – 2018. – № 1. – С. 184–194.

13 Қазақстан туризмі. Статистикалық жинақ / қазақ және орыс тілдерінде. – 2017–2021.

14 Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 262 қаулысы. URL: <http://surl.li/prrfa> (өтініш берілген күн: 02.02.2024)

15 «Ашық аспан» режимі 5 жылға ұзартылды. URL: <http://surl.li/prrev> (өтініш берілген күн: 03.02.2024)

16 Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік. Статистикалық жинақ / қазақ және орыс тілдерінде. – 2017–2021. – 58 бет.

17 2022 жыл бойынша Туризм басқармасының қызметі туралы есеп // Алматы қаласы әкімдігінің ресми сайты. URL: <http://surl.li/prrei> (өтініш берілген күн: 05.02.2024)

18 Инвестициялық жобалар // Астана қаласы әкімдігінің сайты. URL: <http://surl.li/prrhe> (өтініш берілген күн: 06.02.2024)

## REFERENCE

1 Mezhdunarodnyj turizm v 2024 godu dostignet do pandemijnogo urovnja. URL: <https://news.un.org/ru/story/2024/01/1448742> (data obrashhenija: 02.02.2024). (In Russian).

2 Economic Impact Research. URL: <https://wttc.org/research/economic-impact> (accessed: 02.02.2024). (In English).

3 Makarenja T.A. Sovremennoe predprinimatel'stvo: ucheb.posobie. – Rostov-na Donu: Izd. Juzhnogo federal'nogo universiteta, 2011. 190 p. (In Russian).

4 Baranova A.Ju. (2021) Organizacija predprinimatel'skoj dejatel'nosti v sfere turizma: uchebnoe posobie. M.: INFRA-M, 180 p. (In Russian).

5 Lapusta M.G. (2022) Predprinimatel'stvo. Uchebnik. M.: INFRA-M, 384 p. (In Russian).

6 Kuratko D.F. (2018) Kәсіпкерлік: teoriya, process, praktika. Almaty: Ұлттық аударма бжұросы, 480 p. (In Russian).

7 Qazaqstan Respublikasynyñ Kәсіпкерлік Kodeksi 2015 jylǵy 29 qazandaǵy No. 375-V QRZ. (In Kazakh).

8 Ciprian-Constantin P., Oleg P. (2021) Entrepreneurship in the industry of tourism // The Annals of the University of Oradea. Economic Sciences, TOM XXX, 1st Issue. P. 130–135. (In English).

9 Rusu S., Milin A.I., Isac F.L. (2017) Entrepreneurship in Tourism – Reasons, Necessary Resources and Impediments // ECOFORUM. Volume 6. No. 3(13). P. 3–11. (In English).

10 Zav'jalova N.B., Kadina V.S. (2020) Predprinimatel'stvo v industrii turizma // Jekonomika, predprinimatel'stvo i pravo. V. 10(3). P. 819–830. (In Russian).

11 Gasanov A.N. Abbasova S.G. (2019) Specificheskie osobennosti predprinimatel'stva v turizma // Sciences of Europe. No. 38. P. 8–10. (In Russian).

12 Tleuberdinova A.T., Salauatova D.M. (2018) Osobennosti predprinimatel'skoj dejatel'nosti v turizme // Vestnik Nacional'noj akademii nauk Respubliki Kazahstan. No. 1. P. 184–194. (In Russian).

13 Qazaqstan turizmi. Statistikalıq jınaq / qazaq jáne orys tilderinde. 2017–2021. (In Kazakh).

14 Qazaqstan Respublikasynyñ turistik salасын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Qazaqstan Respublikasy Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы No. 262 қаулысы. URL: <http://surl.li/prrfa> (ötiniş berilgen күн: 02.02.2024). (In Kazakh).

15 «Ашық аспан» rejimi 5 жылға ұзартылды. URL: <http://surl.li/prrev> (ötiniş berilgen күн: 03.02.2024). (In Kazakh).

16 Qazaqstan Respublikasyndaǵy шағын және орта кәсіпкерлік. Statistikalıq jınaq / qazaq және orys tilderinde. 2017–2021. 58 p. (In Kazakh).

17 2022 jyl boıynsha Turizm basqarmasynyñ qyzmeti turaly esep // Almaty qalasy әкімдігінің ресми сайты. URL: <http://surl.li/prrei> (ötiniş berilgen күн: 05.02.2024). (In Kazakh).

18 Investisialıq jobalar // Astana qalasy әкімдігінің сайты. URL: <http://surl.li/prrhe> (ötiniş berilgen күн: 06.02.2024). (In Kazakh).

**ШОХАН Р.,\*<sup>1</sup>**

к.э.н., ассоциированный профессор.

\*e-mail: roza-shokan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-1005-3769

**ТЛЕСОВА Э.Б.,<sup>1</sup>**

к.э.н. ассоциированный профессор.

e-mail: t.ilvira@mail.ru

ORCID ID: 0000-0001-7057-0461

<sup>1</sup>ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,

г. Астана, Казахстан

## **СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПУТИ РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ТУРИСТСКОЙ СФЕРЕ**

### **Аннотация**

Цель. Рассмотрение теоретических и практических аспектов организации предпринимательской деятельности в сфере туризма и определение перспективных направлений его развития. Проведение анализа текущего состояния развития предпринимательской деятельности в сфере туризма в Республике Казахстан. Основной целью данной статьи является проведение анализа показателей сферы туризма за 2017–2021 гг., т.е. изучение туристских потоков, определение доли туризма в валовом внутреннем продукте, выявление активности деятельности субъектов малого и среднего бизнеса в сфере размещения, развлечений и отдыха. Методы. С помощью библиографического метода был проведен обзор работ зарубежных и отечественных авторов, написанных в рамках исследуемой проблемы. С помощью методов сравнительного анализа, экономико-статистического анализа проведен анализ текущих показателей потоков внутреннего, въездного и выездного туризма; доли туризма в валовом внутреннем продукте; сферы отдыха, развлечений и размещения. Методом обобщения охарактеризовано современное состояние развития предпринимательской деятельности в сфере туризма. С помощью графического метода обрабатывались результаты анализа. Выводы. Результаты проведенного анализа текущего состояния предпринимательской деятельности в сфере туризма свидетельствуют о положительном динамичном развитии отрасли. Среди туристских потоков отмечается активность развития внутреннего туризма. Среди субъектов предпринимательства, организованных в туристской сфере, увеличился удельный вес субъектов малого и индивидуального предпринимательства. Это свидетельствует о приоритетности организации малого предпринимательства в сфере услуг.

**Ключевые слова:** экономика, отрасль, туризм, предпринимательство, туристическая инфраструктура, рынок, деятельность.

**SHOKHAN R.,\*<sup>1</sup>**

c.e.s., associate professor.

\*e-mail: roza-shokan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-1005-3769

**TLESSOVA E.,<sup>1</sup>**

c.e.s., associate professor.

ORCID ID: 0000-0001-7057-0461

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian national university,

Astana, Kazakhstan

## **THE CURRENT STATE OF ENTREPRENEURIAL ACTIVITY IN THE TOURISM SECTOR AND WAYS OF ITS DEVELOPMENT**

### **Abstract**

Purpose. To consider the theoretical and practical aspects of the organization of entrepreneurial activity in the field of tourism and identify promising areas for its development. To conduct an analysis of the current state of business development in the field of tourism in the Republic of Kazakhstan. The main purpose of this article is to analyze the indicators of the tourism sector for 2017–2021, i.e., to study tourist flows, determine the share of tourism sector in the gross domestic product, identify the activity of small and medium-sized businesses in the field

of accommodation, entertainment and recreation. Methods. Using the bibliographic method, a review of the works of foreign and domestic researchers' studies within the framework of the problem under topic was conducted. Using the methods of comparative analysis, economic and statistical analysis, the analysis of current indicators of the flows of domestic, inbound and outbound tourism; the share of tourism in the gross domestic product; recreation, entertainment and accommodation was carried out. The current state of development of entrepreneurial activity in the field of tourism is characterized by the method of generalization. The results of the analysis were processed using the graphical method. Conclusions. The results of the analysis of the current state of entrepreneurial activity in the sphere of tourism testify to the positive dynamic development of the industry. Among tourist flows there is noted activeness of domestic tourism development. Among the subjects of entrepreneurship, organised in the tourism sector, the share of small and individual entrepreneurship has increased. This indicates the priority of organisation of small business in the sphere of services.

**Key words:** economics, industry, tourism, entrepreneurship, tourism infrastructure, market, service.

Article submission date: 11.04.2024